

## Тақырып 10. “Фирманың қызметінің экономикалық тиімділігі”

### 1. Тиімділік, оның түрлері

### 2. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін бағалау көрсеткіштері

**Сабақтың мақсаты** - компаниялардағы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін, кәсіпорын пайдасы мен шығындарының мәнін, қаржы ұғымын қарастыру, фирманың қаржылық жағдайын талдау әдістемесімен танысу.

### Негізгі тұжырымдамалар

#### 1. Тиімділік, оның түрлері

Ел экономикасының жаһандық бағытта дамуы экономикалық саясаттың негізі өнеркәсіптік және өңдеу салаларындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың тиімділігін, олардың өнімдері мен көрсететін қызметтерінің сапасын көтеруді айқындайды.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі кәсіпорынның шығаратын өнімдеріне немесе көрсететін қызметтеріне жұмсалатын шығындар мен соңғы нәтижелер арасындағы ара-қатынасты береді.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау арқылы, оның табыстылығын, қаржылық тұрақтылығы мен келешектегі өмір сүру деңгейін алдын ала болжауға және келешекке дұрыс бағытта дамуы үшін тиімді жоспарлауға әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау және оны көтеру өзекті болып есептеледі.

**Өндірістің экономикалық тиімділігі** – бұл кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижелілігі, экономикалық нәтижелер мен шығындар, ресурстардың арақатынасы.

$$\text{Тиімділік} = \text{нәтиже/шығын}$$

Кәсіпорын қызметінің нәтижесі оң болса, ол нәтиже эффект деп аталады.

**Тиімділік** өндірілім көлемінің өндіріске қажет шығындар көлеміне қатынасы ретінде сипатталады, сонымен қатар өндірілетін өнім түрі, өндіріс нысаны, өткізу нарығы, сұраныс көлемі сынды көптеген факторларға тәуелді болып келеді.

Тиімділік - кәсіпорын қызметінің барлық бағыттары бойынша оң көрсеткіштер көрсеткен жағдайын білдіреді. Яғни тиімділік ұғымы кең мағынада, үнемділік, нәтижелілік және еңбек өнімділігі түсініктері кіретін көлемді термин болып табылады

Мазмұны бойынша кәсіпорын экономикасында **тиімділіктің** келесі түрлері ажыратылады:

**Экономикалық тиімділік** – шаруашылық қызметтің нәтижесіне тиімді жетуге (яғни пайда) бағытталған

**Әлеуметтік тиімділік** – жұмыскерлердің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған

**Техникалық** - өнімнің сандық және сапалық талаптарын орындауға, сондай-ақ өндірістік әлеуетке бағытталған.

**Экологиялық** тиімділіктің негізгі мақсаты – қоршаған ортаны ұтымды пайдалану, қорғау

## **2. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін бағалау көрсеткіштері**

Өндірістің экономикалық тиімділігін бағалау үшін шығындар мен ресурстар 2 топқа бөлінеді:

-ағымдық шығындар;

-бір мезгілдік шығындар (инвестициялар, қаражат салымдары).

Жалпы (абсолютті) және салыстырмалы тиімділік ажыратылады.

**Жалпы тиімділік** кәсіпорын бойынша белгілі бір уақыт аралығында есептеледі, және шығындармен салыстырғанда экономикалық эффекттің жалпы шамасын анықтайды.

**Салыстырмалы тиімділік** – шаруашылық міндеттердің екі немесе одан да көп шешімдері бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштерді салыстыру негізінде анықталады және ұтымды нұсқаны таңдау үшін қолданылады.

**Жалпы тиімділікті есептеуде қолданылатын дифференциалды көрсеткіштер:**

Еңбек өнімділігі = Өткізілген өнім көлемі / өнімдерді шығаруға кеткен уақыт (жұмыскерлердің саны)

Еңбек сыйымдылығы = Еңбек шығындары/өнім көлемі

Еңбек сыйымдылығы еңбекті пайдалану тиімділігін білдіреді және еңбек шығындарының (сағат, күн) өнім өндірісінің көлеміне қатынасы арқылы анықталады. Осы көрсеткіштердің қарама қарсы қатынасы еңбек өнімділігін білдіреді, яғни жұмыс уақытына немесе өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың бір жұмыскерге есептегенде өнімді өткізуді бейнелейтін көрсеткішті білдіреді.

Материал қайтарымдылығы = Өнім көлемі / материал шығындары

Материал сыйымдылығы = Материал шығындары/өнім көлемі

Материал сыйымдылығы дайындалған өнімнің құндық және заттық бірлігіне есептегендегі тұтынылған еңбек заттарының (шикізат, негізгі және жанама материалдар) шамасын білдіреді, материалдық шығындардың өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады. Материал сыйымдылығына кері көрсеткіш материал қайтарымдылығы болып табылады,

ол өнім көлемінің материалдық шығындардың көлеміне қатынасымен есептеледі.

Қор қайтарымы = Өнім көлемі / негізгі қорлардың орташа жылдық құны  
Қор сыйымдылығы = Негізгі қорлардың орташа жылдық құны / өнім көлемі

Өнімнің қор сыйымдылығы (капитал сыйымдылығы) өнім бірлігіне есептелгендегі негізгі және айналым капиталын пайдалану тиімділігін білдіреді және кәсіпорынның негізгі және айналым қорларының құнының өнімді шығару көлеміне қатынасымен есептеледі.

Өндіріс тиімділігін бағалау үшін жалпылама көрсеткіштер пайдаланылады. Олар тиімділік деңгейіне әсер ететін көптеген факторлар мен құраушылардың өзара байланысын толық ескеруге мүмкіндік береді.

Жалпылама көрсеткіштерді талдау мақсатына байланысты келесі топтарға бөлуге болады:

– кәсіпорын қызметінің тиімділік көрсеткіштері, олар кәсіпорынның пайдалылығын (рентабельділік, табыстылық) және активтерді пайдалану қабілеттілігін көрсетеді;

– өтімділік көрсеткіштері, яғни қысқамерзімді міндеттемелерді өтеу, айналым қорларын басқаруға байланысты кәсіпорынның мүмкіндігін білдіреді;

– қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері – кәсіпорын активтерін қаржыландыру үшін пайдаланылатын қарыз және меншікті қаражаттарының құрылымын қалдыптастыру әдісімен байланысты тәуекел дәрежесін анықтайды.

#### 1-кесте. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін талдау

№	Атауы	Есептеу формуласы	Ұтымды мәні
1	Автономдылық коэффициенті	Меншікті капитал/Актив	0,5-тен кем емес
2	Қаржылық тәуелділік	Міндеттемелер/актив	0,5-тен кем болмауы тиіс
3	Қарыз қаражаттарының коэффициенті	Міндеттемелер/ меншікті капитал	1-ден кем емес
4	Меншікті айналым қорларымен қамтамасыз ету коэффициенті	Меншікті айналым қорлары/қысқамерзімді активтер	0,1-ден кем емес
5	Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті	Меншікті айналым қорлары/меншікті капитал	0,2; ең төменгі мәні 0,1

Меншікті айналым қорлары	(Капитал+Ұзақмерзімді міндеттемелер)– Ұзақмерзімді активтер
--------------------------	---

Автономдылық коэффициенті кәсіпорын қызметінде авансталған қорлар сомасындағы меншікті капитал үлесін білдіреді. Бұл коэффициент мәні жоғары болса, соғұрлым қаржылық тұрақты, сыртқы кредиторлардан тәуелсіз болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тәуелділік коэффициенті кәсіпорын активтерінің құрамында қарыз қаражаттарының үлесін көрсетеді.

Қарыз қаражаттары коэффициенті кредиторлық қарыздың меншікті капиталға қатынасымен анықталады, 1 теңге меншікті қаражатқа неше теңге қарыз қаражаты келетінін көрсетеді.

Меншікті айналым қорларымен қамтамасыз етілу коэффициенті кәсіпорынның жалпы айналым қорларындағы меншікті айналым қорлары неше үлесті құрайтынын анықтайды. Неғұрлым бұл мән жоғары болса, соғұрлым кредиторлардың қаржыларын уақытында төлеуді білдіреді.

Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті айналым қорларына салынған меншікті капиталдың үлесін көрсетеді, яғни ағымдық қызметті қаржыландыру үшін қаншасы пайдаланылады соны білдіреді.

Осы көрсеткіштерді пайдалану кәсіпорын қызметінің тиімділігін нақты және дәл анықтауға көмектеседі.

## 2-кесте. Кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігі бағалау көрсеткіштері

№	Коэффициенттер атауы	Есептелу жолы
1	Кәсіпорын активінің айналымдылық	Өнімді сатудан түскен табысы/активтердің құны
2	Кәсіпорын ұзақмерзімді активтерінің айналымдылық	Өнімді өткізуден түскен табыс/ ұзақмерзімді активтердің құны
3	Қысқамерзімді активтерінің айналымдылық	Есепті кезеңдегі өнімді сатудан түскен табыс / қысқамерзімді активтер
4	Меншікті капиталдың айналымдылық	Есепті кезеңдегі өнімді сатудан түскен табыс / меншікті капитал құны
5	Тауарлы-материалдық қорлардың (ТМҚ) айналымдылық	Өнімнің өзіндік құны / ТМҚ құны
6	Дебиторлық қарыздың айналымдылық	Өнімді сатудан түскен табыс / дебиторлық қарыз құны
7	Кредиторлық қарыздардың айналымдылық	Өнімді сатудан түскен табыс / кредиторлық қарыздардың жалпы құны

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігінің жалпылама көрсеткіштерінің бірі – рентабельділік (пайдалылық).

Кәсіпорынның рентабельділігін (пайдалылығын) бағалау әдістемесі

Активтердің пайдалылығы (рентабельділігі) кәсіпорынның барлық мүліктерінің (айналым және негізгі капитал) пайдалану тиімділігін білдіреді. Басқа кәсіпорындармен салыстырғанда аталған көрсеткіштің төмен болуы қаражаттың көп салынуын немесе кәсіпорын өнімдеріне сұраныстың төмен болуын білдіреді.

Ұзақмерзімді активтердің рентабельділігі кәсіпорын пайдасының ұзақмерзімді активтерге қатынасымен анықталады, негізгі және айналым капиталының пайдалану тиімділігін білдіреді.

Меншікті капиталдың рентабельділігі меншікті қаржыландыру көздері есебінен кәсіпорынға инвестицияланатын капиталды пайдалану тиімділігін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің өзгерісі әдетте кәсіпорынның қор биржасындағы котировка деңгейімен анықталады.

Сату рентабельділігі 1 тенге өткізілген өнімнен неше тенге салық салғанға дейінгі пайда алатынын көрсетеді.

Өнім рентабельділігі 1 теңге өткізілген өнімге неше теңге шығындар жұмсалатынын көрсетеді.

Тиімділік көрсеткіштерінің бірі болып компания қызметінің тек көлемі ғана емес сондай-ақ көлемінің өсім қарқынын білдіретін сатылым көлемі де (сатудан түсетін табыс) кіреді.

Сатудан түскен табыс көлеміне қатысты кәсіпорынның іскерлік белсенділік көрсеткіштерін анықтауға болады.

Активтердің айналымдылығы белгілі бір есепті кезеңде активтер қанша рет айналам жылдамдығымен сипатталады. Бұл көрсеткіш неғірлым жоғары болған сайын, жақсы болып табылады.

Қысқамерзімді активтердің айналымдылық коэффициенті айналым саны көп болған сайын, соғұрлым кәсіпорынның коммерциялық қызметі белсенді болып табылады, ағымдық операцияларды жүргізуге соғұрлым аз ақша талап етіледі.

Шетелдік әдебиет көздерінде кәсіпорынның тиімділігін оның өтімділігі мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері арқылы бағалау айтылған.

Өтімділік көрсеткіштері кәсіпорынның төлем қабілеттілігін, оның қысқамерзімді міндеттемелерін орындау мүмкіндігін, өзінің меншікті қорларын басқару қабілетін білдіреді.

### **Баланс өтімділігін талдау**

- Баланс өтімділігін талдаудың мәні – активте өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыру.

Баланс өтімділігінің 2 тұжырымдамасы бар

- Өтімділік - кәсіпорынның өзінің қысқамерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеттілігі.

• Өтімділік – бұл ағымдағы активтердің ақша қаражаттарына айналуға дайындығы мен жылдамдығы.

Өтімділік көрсеткіштері:

1. Жалпы өтімділік коэффициенті

$$K_{\text{ж.ө}} = \frac{a_1A_1 + a_2A_2 + a_3A_3}{a_1П_1 + a_2П_2 + a_3П_3}$$

$$a_1 = 1;$$

$$a_2 = 0,5;$$

$$a_3 = 0,3.$$

Ұтымды мәні 0,9 –дан кем емес.

2. Ағымдық өтімділік

Ағымдағы (қысқамерзімді) активтер

$$K_{\text{жабу}} = \frac{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

Бұл көрсеткіштің ұтымды мәні 0,2-ге тең немесе артық

3. Абсолютті өтімділік

Ақша қаражаттары + Бағалы қағаздар

$$K_{\text{абс.ө}} = \frac{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

Ұтымды мәні (0,2+0,5)-ге тең немесе артық

4. Жедел өтімділік немесе аралық жабу

Ақша қаражаттары+бағалы қағаздар+дебиторлық қарыздар+басқа да активтер

$$K_{\text{жедел ө}} = \frac{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

Жедел өтімділік көрсеткішінің ұтымды мәні 1-ге тең немесе артық болуы тиіс.

Әрбір кәсіпорын қолда бар ресурстарды аз шығынмен ұтымды пайдалану арқылы пайданы көбейтуді көздейді. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру үшін арнайы кешенді шаралар жүзеге асырылады. Кәсіпорынның қызметінің тиімді жұмыс істеуі үшін, біріншіден өндірісті оңтайландыру қажет. Өндірістің

тиімділігін арттыру жолдары - белгілі бір бағыттағы өнімділіктің өсуімен байланысты қызметтің кешенді жүйесі. Өндірістік қызметтің тиімділігін сипаттайтын көптеген көрсеткіштер талданып, сарапталады.

Тиімділікті көтерудің басты факторы инновацияларды енгізу, алдыңғы қатарлы цифрлы технологияларды жетілдіру. Жаңа технологияларды жасау, жоғары технологиялық жабдықтарды және инновациялық технологияны дамыту - бұл өндірісті тиімді ұйымдастырудың кілті. Бұл, біріншіден, өнімділікті арттырады. Екіншіден, ол өндірістік шығындарды азайтады. Үшіншіден, ол еңбек ұйымының жағдайын жақсартады.

Негізгі құралдарды барынша ұтымды пайдалану – өндірістің тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Өндірістік қуаттарды қарқынды пайдалану есебінен компания өндірістің максималды көлемін қамтамасыз етеді, бұл өндіріс көлемінің ұлғаюына әкеледі, бұл өз кезегінде қосымша ақшалай қаражатсыз дайын өнімді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Заманауи технологиялар өнімнің өзіндік құнын және пайызын айтарлықтай төмендете алатындықтан, өнім сапасын жоғарылату арқылы, көптеген компаниялар оларды пайдалану үшін дәлелді болады және уақыт өте келе цифрлық экономика «әдеттегідей» қабылданады. Сандық экономиканы дамытуға мемлекеттік қолдау екі бөліктен тұруы керек. Біріншісі - жаңа шындықтарға бейімделген құқықтық жүйе, оның ішінде IT жүйелерін енгізетін компаниялардың өндіріс құралдары мен құқықтық қорғау құралдарын есепке алудың дұрыс жолдары, атап айтқанда, киберқауіптерден сақтау. Екіншісі - өндірісті цифрландыру жолымен жүретін компаниялар үшін қолайлы жағдайлар жасау.

### **Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>
4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.
5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Скляренко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
7. Баймұқашева М.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. Атырау, 2019.- 204 б. (электронды ресурс)
8. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire

**Тақырып бойынша тест сұрақтары:**

- 1 Экономикалық тиімділік – бұл:
  - A) Табыстылықтың шығындарға қатынасы
  - Ә) Кәсіпорын әрекетінің нәтижесі
  - Б) Кәсіпорын қызметінің тиімділігі
  - В) Шығындар мен нәтиженің қатынасы
  - Г) Ресурстар мен шығындардың қатынасы
  
- 2 Кәсіпорынның меншікті және қарыз қаражаттарының арақатынасы
  - A) Өтімділік
  - Ә) Табыстылық
  - Б) Еңбек өнімділігі
  - В) Қаржылық тұрақтылық
  - Г) Ақша қаражаттарының айналымдылығы
  
- 3 Еңбек өнімділігі қалай анықталады?
  - A) Өнімді өткізуден түскен табыс / жұмысшылар саны
  - Ә) Жұмысшылар саны / түсім
  - Б) Өткізілген өнімнің өзіндік құны / жұмысшылар саны
  - В) Жұмысшылар саны / өткізілген өнімнің өзіндік құны
  - Г) Жұмысшылардың жылдық еңбек ақы қоры / жұмысшылар саны
  
- 4 Қор қайтарымы дегеніміз не?
  - A) Өнім көлемінің негізгі қорлардың орташа жылдық құнына қатынасы
  - Ә) Негізгі қорлардың құнының өнім көлеміне қатынасы
  - Б) Негізгі қорлардың құнының жұмысшылар санына қатынасы
  - В) Негізгі қорлардың бастапқы құны
  - Г) Негізгі қорлардың орташа жылдық құнының пайдаға қатынасы
  
- 5 Кәсіпорынның барлық мүліктерін (негізгі және айналым капиталы) пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш:
  - A) Сату рентабельділігі
  - Ә) Өнім рентабельділігі
  - Б) Активтердің рентабельділігі
  - В) Меншікті капиталдың рентабельділігі
  - Г) Негізгі қызметтің рентабельділігі
  
- 6 Кәсіпорынның негізгі қорларының орташа жылдық құнын өткізілген өнімнің көлеміне қатынасы – бұл қандай көрсеткіштің формуласы?
  - A) Қор қайтарымдылығы
  - Ә) Өндірістің капитал сыйымдылығы
  - Б) Өнімнің капитал қайтарымдылығы
  - В) Қор сыйымдылығы
  - Г) Өнім рентабельділігі



*Дұрыс жауаптары:*

1. в)
2. в)
3. а)
4. а)
5. б)
6. в)